

Инклюзивтік сыныптарда оқитын ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы мен ұсынымдары бойынша жалпы білім берудің оқу бағдарламасы немесе жеке бағдарлама бойынша білім алуы мүмкін.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес денсаулық жағдайына қарай ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдарға бара алмайтын азаматтар үшін үйде немесе стационарлық көмек, сондай-ақ қалпына келтіру емін және медициналық оңалту көрсететін ұйымдарда тегін жеке оқыту ұйымдастырылады.

Ата-аналар қоғамдастығында адамгершілікті, толеранттылықты тәрбиелеу мақсатында инклюзия тәртібінде білім алушы ерекше білім беруді қажет ететін балалар бойынша әр мектептің әкімшіліктері жылына бір рет әр параллель сыныптарда барлық адамдарға бірдей қарым-қатынас жасау қамтамасыз етілетіндігі, алайда **денсаулық мүмкіндігі шектеулі балаларға ерекше жағдай жасау** қажеттілігі туралы және инклюзивті білім берудің идеологиясын түсіндіру мақсатында ата-аналар жиналысын өткізу ұсынылады.

1-кесте – Оқу процесі мен мектепшілік бақылауды ұйымдастыруды жүзеге асыру нормативтері

№	Бақылау нысаны	Норма
1	Сабақтарға және сыныптан тыс іс-шараларға қатысу және оларды талдау	Айына 8-10 сабақ (директордың орынбасарлары үшін); Айына 2-3 сабақ (мектеп директорлары үшін)
2	Сынып журналдарын тексеру	Тоқсанына 1 рет
3	Білім алушылардың күнделіктерін тексеру	Тоқсанына 1 рет
4	Пәндер бойынша оқу бағдарламаларының орындалуын тексеру	Тоқсанына 1 рет, жылына 4 рет
5	Білім алушылардың жеке істерін тексеру	Жылына 2 рет (сынып жетекшілері үшін)
6	Пәндер бойынша тақырыптық және күнтізбелік жоспарларды тексеру	Жылына 2 рет